4) 61-баптың тақырыбы және 1 және 2-тармақтары мынадай редакцияда жазылсын:

«61-бап. Қазақстан Ұлттық Банкінің бақылау және қадағалау жөніндегі өкілеттіктері

1. Қазақстан Ұлттық Банкі Қазақстан Республикасының банк қызметі, сақтандыру және сақтандыру қызметі, валюталық реттеу және валюталық бақылау, төлемдер және төлем жүйелері, зейнетақымен қамсыздандыру, бағалы қағаздар нарығы, бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік, мемлекеттік статистика, кредиттік бюролар және кредиттік тарихты қалыптастыру, пошта, Қазақстанның Даму Банкі, микроқаржы ұйымдары туралы заңнамасында белгіленген талаптарды тексерілетін субъектілердің сақтауын бақылауды жүзеге асырады, сондай-ақ осы Заңға және Қазақстан Республикасының өзге де заңдарына сәйкес және өздерінің бақылау функцияларын жүзеге асыру барысында көрсетілген талаптарды бұзушылықтар анықталған жағдайда әкімшілік іс қозғайды не Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген өзге де шара л а р д ы к о л д а н а д ы .

2. Қазақстан Ұлттық Банкі Қазақстан Республикасының банк қызметі, сақтандыру және сақтандыру қызметі, валюталық реттеу және валюталық бақылау, төлемдер және төлем жүйелері, зейнетақымен қамсыздандыру, бағалы қағаздар нарығы, бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік, кредиттік бюролар және кредиттік тарихты қалыптастыру, пошта, Қазақстанның Даму Банкі, микроқаржы ұйымдары туралы заңнамасында белгіленген талаптарды тексерілетін субъектілердің сақтауын қадағалауды жүзеге асырады, сондай-ақ осы Заңға және Қазақстан Республикасының өзге де заңдарына сәйкес және өздерінің қадағалау функцияларын жүзеге асыру барысында қаржы қызметтерін тұтынушылардың құқықтары мен заңды мүдделерін бұзушылықтар, сондай-ақ Қазақстан Республикасының ұлттық және экономикалық қауіпсіздігіне, оның қаржы жүйесінің тұрақтылығына қатер төндіретін бұзушылықтар анықталған жағдайда әкімшілік іс қозғамай, Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген ш а р а л а р д ы к о л д а н а д ы . » .

10. «Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы» 1995 жылғы 31 тамыздағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., № 15-16, 106-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., № 2, 184-құжат; № 15, 281-құжат; № 19, 370-құжат; 1997 ж., № 5, 58-құжат; № 13-14, 205-құжат; № 22, 333-құжат; 1998 ж., № 11-12, 176-

күжат; № 17-18, 224-күжат; 1999 ж., № 20, 727-күжат; 2000 ж., № 3-4, 66-күжат; № 22, 408-күжат; 2001 ж., № 8, 52-күжат; № 9, 86-күжат; 2002 ж., № 17, 155-күжат; 2003 ж., № 5, 31-күжат; № 10, 51-күжат; № 11, 56, 67-күжаттар; № 15, 138, 139-күжаттар; 2004 ж., № 11-12, 66-күжат; № 15, 86-күжат; № 16, 91-күжат; № 23, 140-күжат; 2005 ж., № 7-8, 24-күжат; № 14, 55, 58-күжаттар; № 23, 104-күжат; 2006 ж., № 3, 22-күжат; № 4, 24-күжат; № 8, 45-күжат; № 11, 55-күжат; № 16, 99-күжат; 2007 ж., № 2, 18-күжат; № 4, 28, 33-күжаттар; 2008 ж., № 17-18, 72-күжат; № 20, 88-күжат; № 23, 114-күжат; 2009 ж., № 2-3, 16, 18, 21-күжаттар; № 17, 81-күжат; № 19, 88-күжат; № 24, 134-күжат; 2010 ж., № 5, 23-күжат; № 7, 28-күжат; № 17-18, 111-күжат; 2011 ж., № 3, 32-күжат; № 5, 43-күжат; № 6, 50-күжат; № 12, 111-күжат; № 13, 116-күжат; № 14, 117-күжат; № 24, 196-күжат; 2012 ж., № 2, 15-күжат; № 8, 64-күжат; № 10, 77-күжат; № 13, 91-күжат; № 20, 121-күжат; № 21-22, 124-күжат; № 23-24, 125-күжат; 2013 ж., № 10-11, 56-күжат; № 15, 76-күжат; 2014 ж., № 1, 9-күжат; № 4-5, 24-күжат; № 6, 27-күжат; № 10, 52-күжат; № 11, 61-күжат; № 12, 82-күжат; № 19-I, 19-II, 94, 96-күжаттар; № 21, 122-күжат; № 22, 131-күжат; № 23, 143-күжат; 2015 ж., № 8, 45-күжат; 2015 жылғы 5 тамызда «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне зейнетақымен камсыздандыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2015 жылғы 2 тамыздағы Қазақстан Республикасының Заңы; 2015 жылғы 30 қазанда «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне халықты әлеуметтік қорғау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2015 жылғы 28 қазандағы Қазақстан Республикасының Заңы; 2015 жылғы 3 қарашада «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне кәсіпкерлік мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2015 жылғы 29 қазандағы Қазақстан Республикасының Заңы; 2015 жылғы 3 қарашада «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне сот төрелігі жүйесін жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2015 жылғы 31 қазандағы Қазақстан Республикасының Заңы; 2015 жылғы 17 қарашада «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2015 жылғы 12 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңы; 2015 жылғы 18 қарашада «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Қазақстан Республикасының азаматтарына, оралмандарға және Қазақстан Республикасында тұруға ықтиярхаты бар адамдарға олардың мүлікті жария етуіне байланысты рақымшылық жасау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы»

2015 жылғы 13 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңы; 2015 жылғы 18 қарашада «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қайырымдылық мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2015 жылғы 16 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңы; 2015 жылғы 19 қарашада «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2015 жылғы 16 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңы; 2015 жылғы 20 қарашада «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2015 жылғы 17 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңы; 2015 жылғы 21 қарашада «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне жеке тұлғалардың кірістері мен мүлкін декларациялау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2015 жылғы 18 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңы):

1) 8-баптың 3-тармағының 1) тармақшасы мынадай мазмұндағы тоғызыншы абзацпен толықтырылсын:

«электрондық ақша жүйесі операторының қызметтерін көрсететін ұйымдарды;»;

2) 30-баптың 6-1-тармағының бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын: «6-1. Осы баптың 2-тармағының б) тармақшасында көзделген банк операциясын қор биржасы, орталық депозитарий, аталған заңды тұлғаларда уәкілетті органның осы баптың 2-тармағының 1) және (немесе) 3) тармақшаларында көзделген банк операцияларын жүргізуге берген лицензиясы болған кезде, сондай-ақ жүйелік маңызы бар төлем жүйесінің операциялық орталығы жүзеге асырады.»;

3) 36-баптың 2 тармағы 1) тармақшасының бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«1) уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленген тәртіппен, қарыз алушының талабы бойынша ашылған банк шоттарындағы, қарыз алушы мемлекеттік бюджеттен және Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан төленетін жәрдемақылары мен әлеуметтік төлемдер, сондай-ақ «Тұрғын үй қатынастары туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көзделген тұрғын үй төлемдерін және нотариус депозитінің талаптарымен енгізілген ақшаны қоспағанда, қарыз алушының кез келген банк шоттарындағы ақшаны даусыз (акцептсіз) тәртіппен өндіріп алуға (егер мұндай өндіріп алу банктік қарыз шартында ескертілген болса), оның ішінде төлемдік талап-тапсырманы ұсыну арқылы өндіріп алуға құқылы.»;

4) 50 - бапта:

1 және 2-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Банк құпиясына банк клиенттері мен корреспонденттері, олардың операциялары мен банк қызметтерін алуға байланысты банктермен өзара қарым-қатынастары туралы мәліметтер, оның ішінде шектеусіз: банк шоттарының бар-жоғы, олардың иелері мен нөмірлері және банктердің корреспонденттері, сол шоттардағы және банктің өз шоттарындағы ақшаның қалдығы мен қозғалысы, клиенттер мен корреспонденттердің және сол банктің аталған шоттарындағы операцияларына (банк операцияларын жүргізудің жалпы шарттарынан басқа) шектеулер (мемлекеттік органдардың шығыс операцияларын тоқтата тұру, тыйым салу, кепілге алу туралы өкімдері), сондай-ақ банктің сейф жәшіктерінде, шкафтары мен үй-жайларында сақтаулы жатқан клиенттер мүліктерінің бар екендігі, олардың иелері, сипаты мен құны, клиенттердің кредит алу (осы бапта айқындалған жағдайлардан басқа), төлемдер мен ақша аударымдары бойынша, оның ішінде банк шотын ашпастан орындалатын операцияларды жүргізуі туралы а қ п а р а т к і р е д і .

2. Банктер өз депозиторларының, клиенттері мен корреспонденттерінің операциялары мен шоттары жөніндегі құпияға, сондай-ақ банктердің сейф жәшіктерінде, шкафтары мен үй-жайларында сақтаулы жатқан мүліктердің құпиясына және осы бапқа сәйкес банк құпиясын құрайтын өзге де мәліметтерге кепілдік береді.»;

4-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«4. Банк құпиясы клиентке ғана, шот (мүлік) иесінің жазбаша нысанда берген келісімінің негізінде не шот иесінің сәйкестендіргіш құралы арқылы кез келген үшінші адамға, Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес банктік қарыз, лизингтік, факторингтік, форфейтингтік операциялар, вексельдерді есепке алу, сондай-ақ банк шығарған кепілдіктер, кепілдемелер, аккредитивтер бойынша кредиттік бюроға, сондай-ақ осы баптың 5–8-тармақтарында аталған адамдарға осы бапта көзделген негіздер бойынша және шектерде ашылуы мүмкін.»;

5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«5. Банк шоттарының бар-жоғы және олардың нөмірлері туралы анықтамалар банк басқармасының төрағасы немесе банктің өзге уәкілетті адамы қол қойған жазбаша сұрау салу негізінде, оған қатысты шоттың (шоттардың) иесі қарыз алушы, кепілгер, кепілдік беруші, лизинг алушы немесе кепіл беруші болып табылатын банкке кредит алынғанын растайтын, тізбесі мен ұсыну тәртібі уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерінде белгіленетін құжаттарды ұсынған жағдайда беріледі.»;

7-1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«7-1. Осы баптың 6 және 7-тармақтарында көзделген клиенттің банк шоттарының бар-жоғы және олардың нөмірлері, банк шоттары бойынша ақша қалдықтары мен қозғалысы туралы анықтамалар уәкілетті органның сұратуын алған күннен бастап үш операциялық күн ішінде қағаз тасымалдағышта немесе электрондық нысанда беріледі.

Сот санкция берген сот орындаушысының қаулысы электрондық форматта келіп түскен жағдайда анықтама атқарушылық өндірістің мемлекеттік автоматтандырылған

ақпараттық жүйесі арқылы электрондық құжат форматында ұсынылуы мүмкін.

Қағаз тасымалдағышта берілген клиенттің банк шоттарының бар-жоғы және олардың нөмірлері, банк шоттары бойынша ақша қалдықтары мен қозғалысы туралы анықтамалар клиенттің банк шоттары бойынша ақша қозғалысы туралы үзінді көшірме нысанында жіберіледі және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің нормативтік құқықтық актісінде айқындалған мәліметтерді қамтиды.

Электрондық нысандағы клиенттің банк шоттарының бар-жоғы және олардың нөмірлері, банк шоттары бойынша ақша қалдықтары мен қозғалысы туралы анықтамалар осы баптың 6-тармағының а), б), в), д), д-1) және д-2) тармақшаларында, сондай-ақ 7-тармағының б), в) және г) тармақшаларында аталған адамдарға форматтарға сәйкес қалыптастырылған және Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкімен келісу бойынша уәкілетті орган белгілеген тәртіппен жіберілген электрондық сұрату негізінде ұсынылады.»;

11-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«11. Мемлекеттік кіріс органдарының қағаз тасымалдағыштағы сұратуларын қоспағанда, мемлекеттік органдардың немесе осы баптың 6 және 7-тармақтарында атап көрсетілген лауазымды адамдардың сұратулары, қаулылары мемлекеттік органның немесе лауазымды адамның мөрімен бекітілуге тиіс.

Мемлекеттік органдардың немесе лауазымды адамдардың сұратуларының, қаулыларының көшірмелері ұсынылған кезде аталған құжаттардың көшірмелерінде «көшірмесі дұрыс» деген белгі қойылады. «Көшірмесі дұрыс» деген белгі тырнақшасыз көрсетіледі, құжаттардың көшірмелерін куәландыру уәкілеттігі берілген уәкілетті тұлғаның лауазымы, тегі және аты, куәландырған күні көрсетіліп, оның қолымен расталады және мемлекеттік органның немесе лауазымды адамның мөр бедерімен бекітіледі.»;

мынадай мазмұндағы 12 және 13-тармақтармен толықтырылсын:

«12. Банк құпиясын құрайтын мәліметтерді қамтитын құжаттарды немесе олардың көшірмелерін ұсыну қылмыстық-процестік жүргізу заңнамасында айқындалған жағдайларда прокурор санкциялаған алу өндірісі туралы немесе азаматтық-процестік заңнамада айқындалған жағдайларда соттардың сұратулары жөніндегі қаулылардың негізінде жүргізіледі.

13. Осы баптың талаптары банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарға да қолданылады.»;

5) 51 - бапта :

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Жеке немесе заңды тұлғаның (уәкілетті орган лицензиясынан айырған және (немесе) мәжбүрлеп тарату процесінде тұрған банктерді, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарын, сондай-ақ ерікті зейнетақы жарналарын тарту құқығымен инвестициялық портфельді басқаруға арналған лицензиясынан айырылған ерікті жинақтаушы

зейнетақы қорларын қоспағанда) банктегі ақшасына және басқа мүлкіне анықтау және алдын ала тергеу органдарының қаулылары және сот санкция берген сот орындаушыларының қаулылары, сондай-ақ соттардың қаулылары, шешімдері, үкімдері, ұйғарымдары негізінде ғана тыйым салу қолданылуы мүмкін. Талап қою талаптарын қамтамасыз етуде тыйым салу қолданылған кезде тыйым салу қолданылған ақша сомасы талап қою сомасынан және мемлекеттік баж салығынан және соттың шешімдерін, үкімдерін, ұйғарымдары мен қаулыларын орындауға байланысты шығыстар мөлшерінен аспауға тиіс. Сот орындаушысы атқару құжатының орындалуын қамтамасыз етуде тыйым салуды қолданған жағдайда, тыйым салу қолданылатын ақша мен мүлік құнының сомасы өндіріп алушыға ұйғарылған соманы өтеуге қажетті сомадан, сондай-ақ атқару құжатын орындау процесінде борышкерге салынған айыппұлдар сомасынан, жеке сот орындаушысының қызметіне ақы төлеу сомаларынан және атқару құжатын орындау жөніндегі шығыстар сомаларынан аспауға тиіс.

Бұл ретте сот санкция берген сот орындаушыларының қаулылары қағаз жеткізгіште немесе атқарушылық іс жүргізудің мемлекеттік автоматтандырылған ақпараттық жүйесі арқылы электрондық нысанда жіберілуі мүмкін.

Мемлекеттік бюджеттен және (немесе) Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан төленетін жәрдемақылар мен әлеуметтік төлемдерді, тұрғын үй төлемдерін, нотариус депозитінің талаптарымен енгізілген ақшаны есептеуге арналған банк шотындағы ақшағатыйым салуға жол берілмейді.

Жеке және заңды тұлғалардың ақшасына тыйым салу үшін анықтау және алдын ала тергеу органдары, сот орындаушылары ақпараттық-коммуникациялық желі бойынша ұсыну арқылы тыйым салу туралы нұсқау электрондық түрде жіберілген жағдайды қоспағанда, осы баптың 1-тармағының бірінші бөлігінде көрсетілген құжаттарды банктерге немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарға жібереді. Ақпараттық-коммуникациялық желі бойынша электрондық нысанда берілетін жеке және заңды тұлғалардың банк шоттарындағы ақшаға тыйым салу туралы нұсқау форматтарға сәйкес қалыптастырылады және Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкімен келісу бойынша уәкілетті орган белгілеген т ә р т і п п е н ж і б е р і л е д і .

Заңды тұлғаның, оның құрылымдық бөлімшелерінің, дара кәсіпкер ретінде тіркеу есебінде тұрған жеке тұлғаның, жеке нотариустың, жеке сот орындаушысының, адвокаттың және кәсіби медиатордың банк шоттарындағы (корреспонденттік шоттардан басқа) барлық шығыс операциялары Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген жағдайларда мемлекеттік кіріс органдарының өкімдері бойынша тоқтатыла тұруы мүмкін, ал өндіріп алу Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген негіздер бойынша ғана қолданылуы мүмкін.

Жеке және заңды тұлғаның банк шоттары бойынша операциялары «Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді

қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көзделген жағдайларда және тәртіппен тоқтатыла тұрады.

Бұл ретте мемлекеттік кіріс органдарының өкімдері қағаз тасымалдағышта немесе ақпараттық-коммуникациялық желі бойынша ұсыну арқылы электрондық түрде банктерге немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарға жіберілуі мүмкін.

Қағаз жеткізгіште жіберілетін өкімге мемлекеттік кіріс органдарының бірінші басшысы қол қоюға және мөрімен куәландыруға тиіс.

Электрондық түрде жіберілетін өкім мемлекеттік кіріс органы белгілеген форматтарға сәйкес уәкілетті органмен келісім бойынша қалыптастырылады.»;

мынадай мазмұндағы 1-1-тармақпен толықтырылсын;

«1-1. Сот орындаушыларының қағаз тасымалдағыштарда ұсынған қаулыларында тыйым салу сомасы, анықтау және алдын ала тергеу органдарының қаулыларында прокурордың санкциясы, сот орындаушыларының қаулыларында соттың санкциясы болмаған жағдайларда не санкция нысаны Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес келмеген жағдайда, банктер бас тарту себептерін көрсете отырып, тыйым салу туралы қаулыларды орындаудан бас тартады.».

11. «Тұрғын үй қатынастары туралы» 1997 жылғы 16 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., № 8, 84-құжат; 1999 ж., № 13, 431-құжат; № 23, 921-құжат; 2001 ж., № 15-16, 228-құжат; 2002 ж., № 6, 71-құжат; 2003 ж., № 11, 67-құжат; 2004 ж., № 14, 82-құжат; № 17, 101-құжат; № 23, 142-құжат; 2006 ж., № 16, 103-құжат; 2007 ж., № 9, 67-құжат; № 10, 69-құжат; № 15, 106, 108-құжаттар; № 18, 143-құжат; 2009 ж., № 11-12, 54-құжат; № 18, 84-құжат; № 24, 122-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 10, 52-құжат; 2011 ж., № 1, 2, 3-құжаттар; № 5, 43-құжат; № 6, 50-құжат; № 10, 86-құжат; № 11, 102-құжат; № 16, 128, 129-құжаттар; 2012 ж., № 1, 5-құжат; № 3, 21-құжат; № 4, 32-құжат; № 5, 41-құжат; № 15, 97-құжат; № 21-22, 124-құжат; 2013 ж., № 9, 51-құжат; № 14, 72, 75-құжаттар; № 15, 77-құжат; 2014 ж., № 1, 4-құжат; № 14, 84, 86-құжаттар; № 16, 90-құжат; № 19-I, 19-II, 96-құжат; 2015 ж., № 1, 2-құжат; 2015 жылғы 3 қарашада «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне кәсіпкерлік мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2015 жылғы 29 қазандағы Қазақстан Республикасының Заңы; 2015 жылғы 25 қарашада «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік қызмет мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2015 жылғы 23 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңы):

101-7-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«101-7-бап. Тұрғын үй төлемдеріне қол сұғылмаушылық кепілдіктері

Тұрғын үй төлемдерін алушының міндеттемелері бойынша тұрғын үй төлемдері

аударылатын банк шоттары бойынша шығыс операцияларына тыйым салуға, өндіріп алуды өтінуге және оларды тоқтата тұруға жол берілмейді.

Төлем алушылардың тұрғын үйге жеке мұқтаждықтарын қамтамасыз ету жөніндегі шарттарды қоспағанда, тұрғын үй төлемдері бюджетке алып қоюға жатпайды, кепілге қою немесе иесінің немесе басқа адамдардың міндеттемелері бойынша өзге де ауыртпалық нысаны болып табылмайды.».

12. «Нотариат туралы» 1997 жылғы 14 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., № 13-14, 206-кұжат; 1998 ж., № 22, 307-кұжат; 2000 ж., № 3-4, 66-кұжат; 2001 ж., № 15-16, 236-кұжат; № 24, 338-кұжат; 2003 ж., № 10, 48-кұжат; № 12, 86-кұжат; 2004 ж., № 23, 142-кұжат; 2006 ж., № 11, 55-кұжат; 2007 ж., № 2, 18-кұжат; 2009 ж., № 8, 44-кұжат; № 17, 81-кұжат; № 19, 88-кұжат; № 23, 100-кұжат; 2010 ж., № 17-18, 111-кұжат; 2011 ж., № 11, 102-кұжат; № 21, 172-кұжат; 2012 ж., № 8, 64-кұжат; № 10, 77-кұжат; № 12, 84-кұжат; 2013 ж., № 1, 3-кұжат; № 14, 72-кұжат; 2014 ж., № 1, 4-кұжат; № 10, 52-кұжат; № 11, 61-кұжат; № 14, 84-кұжат; № 19-I, 19-II, 96-кұжат; № 21, 122-кұжат; № 23, 143-кұжат; 2015 жылғы 5 тамызда «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2015 жылғы 2 тамыздағы Қазақстан Республикасының Заңы; 2015 жылғы 3 қарашада «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне кәсіпкерлік мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2015 жылғы 29 қазандағы Қазақстан Республикасының Заңы; 2015 жылғы 3 қарашада «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне сот төрелігі жүйесін жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2015 жылғы 31 қазандағы Қазақстан Республикасының Заңы):

85-бап мынадай мазмұндағы 4-тармақпен толықтырылсын:

«4. Нотариус депозиті жағдайында, нотариус міндеттемелері бойынша заңды және жеке тұлғалардың ақшасы орналасқан банк шоттары бойынша шығыс операцияларына тыйым салуға, өндіріп алуды өтінуге және оларды тоқтата тұруға жол берілмейді.».

13. «Бағалы қағаздар рыногы туралы» 2003 жылғы 2 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2003 ж., № 14, 119-кұжат; 2004 ж., № 16, 91-кұжат; № 23, 142-кұжат; 2005 ж., № 7-8, 24-кұжат; № 14, 58-кұжат; № 23, 104-кұжат; 2006 ж., № 3, 22-кұжат; № 4, 24-кұжат; № 8, 45-кұжат; № 10, 52-кұжат; № 11, 55-кұжат; 2007 ж., № 2, 18-кұжат; № 4, 28-кұжат; № 9, 67-кұжат; № 17, 141-кұжат; 2008 ж., № 15-16, 64-кұжат; № 17-18, 72-кұжат; № 20, 88-кұжат; № 21, 97-кұжат; № 23, 114-кұжат; 2009 ж., № 2-3, 16, 18-кұжаттар; № 17, 81-

ауыртпалық салу туралы жазба жасалатын жеке шот ашу (бұл болмаған жағдайда) арқылы жүзеге асырылады. Кепілмен қамтамасыз етілген міндеттеменің тоқтатылуына байланысты эмиссиялық бағалы қағаздар бойынша құқықтарды кепілге беру тоқтатылған жағдайда бағалы қағаздардан ауыртпалықты алып тастауды тіркеуші (нақтылы ұстаушы) «Төлемдер және төлем жүйелері туралы» Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген жағдайда оларға кредит (қарыз) берілген кезде Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің біржақты бұйрығының негізінде мәмілелерді тіркеуді қоспағанда, мәмілеге қатысушылардың қарсы бұйрықтары негізінде жүзеге асырады.» ;

3) 39-баптың 5-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«5. Егер Қазақстан Республикасының заңнамасында немесе нақтылы ұстаушымен жасалған шарт талаптарында бұйрықты орындаудың өзгеше мерзімі көзделмесе, тіркеуші (нақтылы ұстаушы) «Төлемдер және төлем жүйелері туралы» Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген жағдайда оларға кредит (қарыз) берілген кезде Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің біржақты бұйрығының негізінде мәмілелерді тіркеуді қоспағанда, қарсы бұйрық алған кезде күнтізбелік үш күннен аспайтын мерзімде бұйрықтың орындалуын жүзеге асырады.».

14. «Валюталық реттеу және валюталық бақылау туралы» 2005 жылғы 13 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2005 ж., № 11, 38-құжат; 2007 ж., № 3, 20-құжат; 2008 ж., № 23, 114-құжат; 2009 ж., № 13-14, 63-құжат; 2010 ж., № 15, 71-құжат; 2012 ж., № 1, 6-құжат; № 13, 91-құжат; № 21-22, 124-құжат; 2014 ж., № 10, 52-құжат; № 21, 122-құжат; № 23, 143-құжат; 2015 жылғы 18 қарашада Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қайырымдылық мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2015 жылғы 16 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңы):

16-баптың 1-тармағы бірінші бөлігінің 8) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«8) резидент заңды тұлғалар мен Қазақстан Республикасының аумағында өз қызметін жүзеге асыратын резидент емес заңды тұлғалар арасындағы Қазақстан Республикасының төлемдер мен төлем жүйелері туралы заңнамасында белгіленген сома шегінде ұлттық валютадағы төлемдері;».

15. «Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы» 2009 жылғы 28 тамыздағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2009 ж., № 19, 87-құжат; 2010 ж., № 7, 32-құжат; 2011 ж., № 11, 102-құжат; 2012 ж., № 10, 77-құжат; № 13, 91-құжат; 2013 ж., № 10-11, 56-құжат; 2014 ж., № 11, 61-құжат; № 14, 84-құжат; № 21, 118, 122-құжаттар; 2015 жылғы 5 тамызда «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан

Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2015 жылғы 2 тамыздағы Қазақстан Республикасының Заңы; 2015 жылғы 18 қарашада Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қайырымдылық мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2015 жылғы 16 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңы; 2015 жылғы 19 қарашада «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2015 жылғы 16 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңы):

- 1) 1-баптың 12-1) тармақшасы алып тасталсын;
- 2) 3-баптың 1-тармағында:
 - 12) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:
«12) төлем ұйымдары;»;
 - 17) тармақша алып тасталсын;
 - 3) 5-бапта:

3-1-тармақтың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«1) электрондық ақшаны сәйкестендірілмеген иеленушілер - жеке тұлғалар «Төлемдер мен төлем жүйелері туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 45-бабының 4-тармағында көзделген сомадан аспайтын электрондық ақшаны сатып алу және пайдалану бойынша операцияларды жүзеге асырған кезде;»;

мынадай мазмұндағы 8-тармақпен толықтырылсын:

«8. Қаржылық мониторинг субъектілері қаржылық мониторингтің басқа субъектілерін қоса алғанда, өзге адамдарға осы баптың 3-тармағының 1), 2), 2-1) және 4) тармақшаларында көзделген шараларды осындай адамдармен жасалатын шарттар негізінде қолдануға құқылы.

Шарт негізінде өзге адамға осы баптың 3-тармағының 1), 2), 2-1) және 4) тармақшаларында көзделген шаралар қолдануды тапсырған қаржылық мониторинг субъектісі:

1) осындай адамның шарттың талаптарын ескере отырып қаржылық мониторинг субъектісінің ішкі бақылау қағидаларын сақтауын қамтамасыз етуге;

2) растау құжаттарының көшірмелерін қоса алғанда, осындай адамнан клиент (оның өкілі), бенефициарлық меншік иесі туралы деректерді уақтылы алуды қамтамасыз етуге ;

3) осындай адамның қаржылық мониторинг субъектісінің ішкі бақылау қағидаларының, сондай-ақ осы Заң талаптарының және клиенттерді (олардың өкілдерін) және бенефициарлық меншік иелерін мерзімді негізде тиісінше тексеру бойынша оған

сәйкес қабылданған нормативтік құқықтық актілердің сақталуын бақылауды жүзеге асыруға міндетті.

Осы тармақтың екінші бөлігінде көзделген талаптар осы Заңның 3-бабы 1-тармағының 1)-5) тармақшаларында көрсетілген қаржылық мониторинг субъектілерінің өзге адамдарға Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде тікелей көзделген жағдайларда осындай қаржылық мониторинг субъектілерінің атынан қаржылық қызметтерді көрсету шарттарын жасауға құқық беру жағдайларына да қолданылады.

Шарт негізінде өзге адамға осы баптың 3-тармағының 1), 2), 2-1) және 4) тармақшаларында көзделген шаралар қолдануды тапсырған қаржылық мониторинг субъектісі осындай адамның осы Заңның талаптарын және клиенттерді (олардың өкілдерін) және бенефициарлық меншік иелерін тиісінше тексеру бойынша оған сәйкес қабылданған нормативтік құқықтық актілерді сақтағаны үшін жауапкершілік атқарады.

16. «Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы» 2010 жылғы 2 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2010 ж., № 7, 27-құжат; № 24, 145-құжат; 2011 ж., № 1, 3-құжат; № 5, 43-құжат; № 24, 196-құжат; 2012 ж., № 6, 43-құжат; № 8, 64-құжат; № 13, 91-құжат; № 21-22, 124-құжат; 2013 ж., № 2, 10-құжат; № 9, 51-құжат; № 10-11, 56-құжат; № 15, 76-құжат; 2014 ж., № 1, 9-құжат; № 4-5, 24-құжат; № 6, 27-құжат; № 10, 52-құжат; № 14, 84-құжат; № 16, 90-құжат; № 19-I, 19-II, 94, 96-құжаттар; № 21, 122-құжат; № 22, 131-құжат; № 23, 143-құжат; № 24, 144-құжат; 2015 ж., № 8, 42-құжат; 2015 жылғы 30 қазанда «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне халықты әлеуметтік қорғау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2015 жылғы 28 қазандағы Қазақстан Республикасының Заңы; 2015 жылғы 3 қарашада «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне кәсіпкерлік мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2015 жылғы 29 қазандағы Қазақстан Республикасының Заңы; 2015 жылғы 3 қарашада «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне сот төрелігі жүйесін жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2015 жылғы 31 қазандағы Қазақстан Республикасының Заңы; 2015 жылғы 14 қарашада «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне өзін-өзі реттеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2015 жылғы 12 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңы; 2015 жылғы 18 қарашада «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне

оңалту және банкроттық мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2015 жылғы 13 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңы; 2015 жылғы 19 қарашада «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2015 жылғы 16 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңы):

1) 12-баптың 1-тармағының 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«2) сот орындаушысы атқарушылық құжатта борышкердің атқарушылық құжатты ішінара орындағаны туралы белгі қоя отырып, атқарушылық құжатты борышкер і ш і н а р а о р ы н д а ғ а н д а ; » ;

2) 5 8 - б а п т а :

1-тармақ мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

«Борышкердің мемлекеттік бюджеттен және (немесе) Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан төленетін жәрдемақылары мен әлеуметтік төлемдерін, тұрғын үй төлемдерін, нотариус депозитінің талаптарымен енгізілген ақшаны аударуға арналған банк шотындағы ақшасына тыйым салуға жол берілмейді.»;

2-тармақ мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

«Борышкердің мемлекеттік бюджеттен және (немесе) Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан төленетін жәрдемақылары мен әлеуметтік төлемдеріне, тұрғын үй төлемдеріне, нотариус депозитінің талаптарымен енгізілген ақшаны аударуға арналған банк шотындағы ақшасын өндіріп алуға жол берілмейді.»;

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Инкассолық өкім берілген банк шотында ақша болмаған не жеткіліксіз болған кезде ақша өндіріп алу борышкердің теңгедегі не төлем жасалған күні Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкімен бірлесіп белгілейтін тәртіппен айқындалған валютаның нарықтық айырбастау бағамы қолданыла отырып, шетел валютасындағы басқа банк шотынан (шоттарынан) жүргізіледі. Осы тармақта көзделген жағдайларда инкассолық өкімді сақтау және орындау ол толық орындалғанға дейін борышкердің банк шоттарына ақшаның түсуіне қарай не клиенттің таратылуына байланысты банктің банк шотын жабуына немесе клиенттің банк шотында бір жылдан астам уақыт ақша болмауына қарай Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің нормативтік құқықтық актісінде белгіленген тәртіппен жүргізіледі.» ;

мынадай мазмұндағы 3-1-тармақпен толықтырылсын:

«3-1. Атқарушылық құжат ішінара орындалған жағдайда сот орындаушысы атқарушылық құжатқа төленген сома туралы белгі қояды.»;

3) 62-баптың 3-тармағының үшінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Сот орындаушысы банк шоттарында жатқан ақшаға (мемлекеттік бюджеттен және (немесе) Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан төленетін тұрғын үй төлемдерін,

жылғы 26 қарашада «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне ақпараттандыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2015 жылғы 24 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңы; 2015 жылғы 26 қарашада «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне халықтың көші-қоны және жұмыспен қамтылуы мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2015 жылғы 24 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңы):
көрсетілген Заңға 2-қосымша мынадай мазмұндағы 87-6-жолмен толықтырылсын:

87-6.	Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінде есептік тіркеуден өткен төлем ұйымдарын тізілімге қосу	«Төлемдер және төлем жүйелері туралы» Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген төлем қызметтерін төлем ұйымының ұсынуына рұқсат (құқық) беру үшін есептік тіркеуден өту туралы хабарлама	
-------	--	---	--

18. «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2015 жылғы 2 тамыздағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2015 ж., № 16, 79-құжат; 2015 жылғы 19 қарашада «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2015 жылғы 16 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңы):

1 - б а п т ы ң 13 - т а р м а ғ ы н д а :

1) т а р м а қ ш а д а :

сегізінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

«мынадай мазмұндағы 11-1) тармақшамен толықтырылсын:»;

о ны н ш ы а б з а ц а л ы п т а с т а л с ы н ;

2) т а р м а қ ш а д а :

екінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

«1-тармақ 12) тармақшадағы «операторлары жатады.» деген сөздер «операторлары; » деген сөзбен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 13), 14), 15) және 16) тармақшалармен толықтырылсын:

13) лизинг беруші ретінде лизингтік қызметті лицензиясыз жүзеге асыратын дара кәсіпкерлер және заңды тұлғалар;
14) л о м б а р д т а р ;

15) бағалы металдармен және асыл тастармен, олардан жасалған зергерлік бұйымдармен операцияларды жүзеге асыратын дара кәсіпкерлер және заңды тұлғалар;

16) жылжымайтын мүлікті сатып алу-сату мәмілелерін жүзеге асыру кезінде делдалдық қызметтер көрсететін дара кәсіпкерлер және заңды тұлғалар жатады.»;

жетінші абзац алып тасталсын.

19. «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне екінші деңгейдегі банктердің жұмыс істемейтін кредиттері мен активтері, қаржылық қызметтер көрсету және қаржы ұйымдары мен Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қызметі мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2015 жылғы 24 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңына (2015 жылғы 27 қарашада «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған):

1) 1-баптың 8-тармағының 4) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

« 4) 2 2 0 - б а п т а :

б і р і н ш і б ө л і к т е :

бірінші абзац «Банктердің,» деген сөзден кейін «Қазақстан Республикасының бейрезидент банктері филиалдарының,» деген сөздермен толықтырылсын;

екінші абзац «заңды тұлғаларға» деген сөздерден кейін «, Қазақстан Республикасының бейрезидент банктерінің филиалдарына» деген сөздермен толықтырылсын;

е к і н ш і б ө л і к т е :

бірінші абзац «Банктердің,» деген сөзден кейін «Қазақстан Республикасының бейрезидент банктері филиалдарының,» деген сөздермен толықтырылсын;

екінші абзац «заңды тұлғаларға» деген сөздерден кейін «, Қазақстан Республикасының бейрезидент банктерінің филиалдарына» деген сөздермен толықтырылсын;

ү ш і н ш і б ө л і к т е :

бірінші абзац «Банктердің,» деген сөзден кейін «Қазақстан Республикасының бейрезидент банктері филиалдарының,» деген сөздермен толықтырылсын;

екінші абзац «заңды тұлғаларға» деген сөздерден кейін «, Қазақстан Республикасының бейрезидент банктерінің филиалдарына» деген сөздермен толықтырылсын;

т ө р т і н ш і б ө л і к т е :

бірінші абзац «Банктердің,» деген сөзден кейін «Қазақстан Республикасының бейрезидент банктері филиалдарының,» деген сөздермен толықтырылсын,;

екінші абзац «заңды тұлғаларға» деген сөздерден кейін «, Қазақстан Республикасының бейрезидент банктерінің филиалдарына» деген сөздермен толықтырылсын;

4 - 1 - б ө л і к т е :

бірінші абзац «Банктердің,» деген сөзден кейін «Қазақстан Республикасының бейрезидент банктері филиалдарының,» деген сөздермен толықтырылсын,;

екінші абзац «заңды тұлғаларға» деген сөздерден кейін «, Қазақстан Республикасының бейрезидент банктерінің филиалдарына» деген сөздермен толықтырылсын;

б е с і н ш і б ө л і к т е :

бірінші абзац «Банктердің,» деген сөзден кейін «Қазақстан Республикасының бейрезидент банктері филиалдарының,» деген сөздермен толықтырылсын;
екінші абзац «заңды тұлғаларға» деген сөздерден кейін «, Қазақстан Республикасының бейрезидент банктерінің филиалдарына» деген сөздермен толықтырылсын ;

ж е т і н ш і б ө л і к т е :

бірінші абзац «Банктердің,» деген сөзден кейін «Қазақстан Республикасының бейрезидент банктері филиалдарының,» деген сөздермен толықтырылсын;
екінші абзац «заңды тұлғаларға» деген сөздерден кейін «, Қазақстан Республикасының бейрезидент банктерінің филиалдарына» деген сөздермен толықтырылсын ;

с е г і з і н ш і б ө л і к т е :

екінші абзац «заңды тұлғаларға» деген сөздерден кейін «, Қазақстан Республикасының бейрезидент банктерінің филиалдарына,» деген сөздермен толықтырылсын ; » ;

2) 1-баптың 10-тармағының б) тармақшасында:
екінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:
«екінші бөлікте 1), 10), 11), 12), 26), 27), 44), 49), 50), 54), 62), 63), 65), 66), 68), 69), 77), 85) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:»;
жетінші және оныншы абзацтар алып тасталсын.

2 - б а п . О с ы З а ң :

1) 2017 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілетін, осы Заңның 1-бабы 15-тармағының 1) тармақшасын және 2) тармақшасының төртінші абзацын;
2) 2020 жылғы 16 желтоқсаннан бастап қолданысқа енгізілетін, осы Заңның 1-бабының 19-тармағын қоспағанда, алғашқы ресми жарияланғанынан кейін бір ай өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті